

## АКТИВТІ ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛ – АУМ

Пән: Қазақ тілі

Деңгей – В1

Апта - 2

Лексикалық тақырып: Тіл – ұлттың бейнесі

Грамматикалық тақырып: Қалау мәнді құрылымдар

Оқытушы:

Кредит саны – 3

Практикалық сабақ



**Грамматикалық түсініктеме.** Қалау мәнді құрылымдар – сөйлеушінің белгілі бір амалды, әрекетті жүзеге асыруға бағытталған ниетін, ынта-тілегін білдіреді. Қалау мәнді құрылымдар етістікке -ғы/-гі, -қы/-кі +ТЖ келеді көмекші етістігі арқылы және етістікке –са/-се +ТЖ екен, игі еді аналитикалық форманттар арқылы жасалады.



Грамматика сөйлейді

Қалау мәнді құрылымдардың жасалу жолы

-ғы/-гі, -қы/-кі +ТЖ келеді	-са/-се+ТЖ екен / игі еді
<i>Олар «Тіл – ұлттың бейнесі» тақырыбында қабырға газетін шығарғысы келеді.</i>	<i>Ғалымдар латын әліпбиінің қазақ тіліне негізделген ең керемет нұсқасын ұсынса екен.</i>
<i>Мен қазақ тілінде кино түсіргім келеді.</i>	<i>Ол тілге қатысты шынайы пікірін айтса игі еді.</i>



### 1-тапсырма. Жақшаны ашып, қалау мәнді құрылымдарды дұрыс жазыңыз.

1. Біздің тәуелсіз елімізде халқымыз тек мемлекеттік тілде (сөйлеу) екен. 2. Мен қазақ тілін оқытудың әдістемесін (дамыту) келеді. 3. Тіл орталығы халыққа латын әріптерінің тиімді нұсқасын (ұсыну) екен. 4. Айжан қазақ тілінің мәртебесін (көтеру) келеді. 5. Сергей Қазақ тілі орталығынан тіл (үйрену) келеді. 6. Қазақ тілі шетелдіктердің қызығушылығын тудыратын тіл (болу) екен. 7. Қазақстанда барлық ұлт өкілдері тек қазақ тілінде ойын (жеткізу) екен. 8. Қазақ жастары көп тіл меңгерген полиглот (болу) игі еді. 9. Шетелден келген әрбір азаматқа қазақ тілін білу міндеті (қойылу) екен.



### 2-тапсырма. Керекті сөз тіркестерімен сөйлемді толықтырыңыз.

Мен Тіл орталығында жұмыс ... .. . Студент сапасыз білім ... .. . Сіз жақсы жалақы ... .. . Олар мемлекеттік тілді ... .. . Біз Полиглот орталығын ... .. . Біздің Мемлекет ұлттық тілі бай әлемдік ондыққа ... .. . Оның қазақ тілін жоғары деңгейде ..... . Біз сөздік қорымызды ... .. .  
**Керекті сөз тіркестері:** көтергісі келеді, істегім келеді, алғысы келмейді, алғыңыз келеді, ашқымыз келеді, кірсе игі еді, білгісі келеді, көбейткіміз келеді.



**3-тапсырма. Қазақ тілінің мәртебесін жақсарту үшін өтініш, тілек негізінде қалау мәнді сөйлемдер құрыңыз.**

**Үлгі:** Қазақстан телеарналарының барлығы бағдарламаларды тек қазақ тілінде жүргізсе игі еді.

1 \_\_\_\_\_  
 2 \_\_\_\_\_  
 3 \_\_\_\_\_  
 4 \_\_\_\_\_  
 5 \_\_\_\_\_  
 6 \_\_\_\_\_  
 7 \_\_\_\_\_



**4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. «Тіл – ұлттың бейнесі» дегенді қалай түсінесіз?
2. Тілді шұбарламау дегеніміз не?
3. Тіл туралы керемет нақыл сөз қалдырған қазақ ойшылдарынан кімдерді білесіз?
4. Өзіңіздің ана тіліне деген құрметіңізді қалай бағалайсыз?



## СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС

сарқылмас қазына - \_\_\_\_\_  
 шежіре – \_\_\_\_\_  
 дана ойшылдар – \_\_\_\_\_  
 борыш – \_\_\_\_\_  
 кемелдену – \_\_\_\_\_  
 болмыс – \_\_\_\_\_  
 ұлттық рух - \_\_\_\_\_  
 еліктеу - \_\_\_\_\_  
 лүпілдеген жүрек - \_\_\_\_\_



**5-тапсырма. Сөздікте берілген сөздердің орысша аудармасын тиісті орындарға қойыңыз және есте сақтаңыз.**

Подражать, неисчерпаемое сокровище, менталитет, мудрые мыслители, долг, развитие, сердце биение, национальный дух, генеалогия.



**6-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқып шығыңыз.**

## ТІЛ – ҰЛТТЫҢ БЕЙНЕСІ

Тіл – ұлттың бейнесі, төлқұжаты. Тіл – халқымыздың сарқылмас қазынасы, ғасырлар бойы жүріп өткен жолымыздың шежіресі, тарихы.

Қазақ тілі — ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей беріліп келе жатқан ұлттық бейнеміз. Қазақ тілі түп-төркінін сақтаған түркі тілдері ішіндегі ең таза тілдердің бірі. Сондай-ақ қоғамның қандай





**9-тапсырма.** Мәтіндегі Ахмет Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген тұжырымынан түсінгеніңізді жазыңыз және баяндаңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_



**10-тапсырма.** Мәтінде кездескен «Өшпес із қалдыру» және «көздің қарашығындай сақтау» тұрақты тіркестерінің әрқайсысына 3 мысалдан жазыңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_
6. \_\_\_\_\_



**11-тапсырма.** Берілген сөздерге қарсы мағынадағы сөздерді табыңыз және әрқайсысына сөйлем құраңыз.

Сүйініш - \_\_\_\_\_  
Өркендеу - \_\_\_\_\_

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_



**12-тапсырма.** Аудио-бейне материалдармен жұмыс.

- Аудио материалды мұқият тыңдаңыз.
- Аудио материалдан қандай ақпарат алдыңыз, айтып беріңіз.
- Мәтін мен аудиоматериалдағы ақпараттың айырмашылығы мен ұқсастықтарын айтыңыз.



**13-тапсырма.** «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессе...» деген тақырыпта эссе жазыңыз.